

**Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың тауарлар , соның ішінде әрі көлік құралдарын өткізуінің тәртібі туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 2 қараша N 1440. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.12.31. N 1712 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Заң күші бар Жарлығын орындау үшін және Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың тауарлар, оның ішінде әрі көлік құралдарын өткізу тәртібін ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

**1. Қоса беріліп отырған:**

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың тауарларды өткізу тәртібі туралы Ереже;

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың көлік құралдарын өткізуінің тәртібі туралы Ереже бекітілсін.

**2. Қазақстан Республикасы Кеден комитетіне мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келісе отырып, Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың тауарларды өткізу тәртібі туралы Ережеге және Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың көлік құралдарын өткізуінің тәртібі туралы Ережеге басқа мемлекеттердің Кеден одағына кіруіне қарай Кеден одағы Келісімге сәйкес өзгертулер енгізу құқы берілсін.**

Қазақстан Республикасының  
Премьер - Министрі  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1995 жылғы 2 қарашадағы  
N 1440 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке  
тұлғалардың тауарларды өткізу тәртібі туралы  
Е Р Е Ж Е

**I. Жалпы ережелер**

**1. Жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына**

сәйкес, Қазақстан Республикасының кеден заңдарымен, сондай-ақ осы Ережемен белгіленген талаптарды сақтай отырып, Қазақстан Республикасына әкелуге, Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салынғандарынан басқа кез-келген тауарды Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өткізе алады.

2. Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден аумағына тауарларды әкелуі және осы аумақтан тауарларды әкетуі кеден төлемдері төленетін, экономикалық саясат шаралары (квоталау, лицензиялау және т.б.) сақталатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кеден заңдарымен белгіленген басқа да талаптар орындалған жағдайда кеден режимдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке тұлғалар алуы кеден органдарына жүктелген кеден баждарын, кеден алымдары мен салықтарын төлейді.

3. Жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы заңдармен белгіленген тәртіппен акциздер салуға жататын тауарлар тобынан басқа, оңайлатылған жеңілдікті тәртібімен өндірістік немесе өзге коммерциялық қызметке арналмаған тауарларды өткізе алады.

Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелетін акцизделетін тауарлары Қазақстан Республикасы орталық кеден органының нормативті актілеріне және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жалпы негіздерде ресімделеді (таңбаланады).

4. Жеке тұлғалардың өндірістік немесе өзге коммерциялық қызметке арналмаған тауарларды өткізуі жөніндегі оңайлатылған жеңілдікті тәртібі кеден төлемдерінен толық босатуды не "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 108-бабына сәйкес кеден баждарының бірыңғай ставкаларын қолдануды білдіреді.

Жеке тұлғалардың акциздер (акцизделетін топ) салуға жататын, Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы өткізетін тауарларына осы Ережеге сәйкес, алуы кеден органдарына жүктелген: кеден баждары, кеден алымдары, акциздері мен салықтары салынады.

5. Тауарларды өткізудің оңайлатылған жеңілдікті тәртібін қолданған кезде кеден баждарының бірыңғай ставкалары акцизделетін тауарлардан басқа салынатын салық деңгейлері мен шыққан еліне қарамастан тауарлардың барлық санаттарына қатысты осы Ережеге сәйкес қолданылады.

6. Кеден баждарының бірыңғай ставкаларына тауарларды сақтау үшін кеден алымдары, сондай-ақ анықталынбаған орындардан тыс және кеден органдарының жұмыс уақытынан тыс тауарларды кедендік ресімдеу үшін алынатын кеден алымдары кірмейді.

7. Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы және тұлғалардың

өндірістік немесе өзге коммерциялық қызметке арналмаған көлік құралдарын әкелу кезінде, мұндай тұлғалар көлік құралының кеден құнының 2 проценті мөлшерінде, бірақ двигатель көлемінің 1 текше сантиметрі үшін 0,1 экю-ден кем емес, кеден бажын төлейді, ал жасалған сәтінен 10 жылдан астам уақыт өткен көлік құралдарын әкелген кезде - көлік құралының кедендік құнының 15 проценті мөлшерінде кеден бажын төлейді.

Аталған тәртіп жеке тұлғаларға - Қазақстан Республикасының азаматтарына " Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Заң күші бар Жарлығына сәйкес құрылған Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан бос қоймалардан көлік құралдарын берген кезде қолданылады.

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың өндірістік немесе өзге коммерциялық қызметке арналған көлік құралдарын әкелу кезінде, мұндай тұлғалар, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес заңды тұлғалар үшін көзделген акциздер, салықтар мен кеден а л ы м д а р ы н т ө л е й д і .

Жеке тұлғалардың шетел көлік құралдарын әкелуінің барлық

жағдайларында кеден алымдары Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес төленеді

ЕСКЕРТУ: 7-тармағы жаңа редакцияда жазылды - ҚРҰ-нің  
13.03.1996 ж. N 305 қаулысымен.

8. Осы Ережедегі баламалардың ұғымы:

"ілеспе құжаты бар қол жүгі" - шекара арқылы жеке тұлғалардың өткізетін тауарлары;

"ілеспе құжатынсыз қол жүгі" - тасымалдау туралы (жүк түбіртегі, жолдау қағазы, коносамент және т.б.) шарт бойынша тасымалдаушының өткізетін тауарлары.

9. Жеке тұлғалардың тауарларды өткізуіне өзге мемлекеттік органдардың бақылау жасауына Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осы органдардың құзыры бойынша және рұқсатымен жол беріледі.

10. Осы Ереженің күші СЭҚ ТН 8703 кодымен жіктелетін тауарлар ретінде кеден шекарасы арқылы өткізілетін көлік құралдарына

қолданылмайды.

## II. Жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізетін тауарлардың мақсаты

11. Жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізетін тауарлардың мақсатын жеке тұлғаның сапарының барлық мән-жайын ескеріп және тауарлардың кеден шекарасы арқылы жеке пайдалану үшін, немесе жеке тұлға мен оның отбасы мүшелерінің тұтынуы үшін өткізіледі деуге ешбір негіз болмаған кезде тауарлардың сипаты, саны мен өткізілу жиілігінен туындайтын жалпыға бірдей халықаралық нормалар мен практикаға сәйкес кеден органының лауазымды адамы белгілейді.

12. Өндірістік не өзге коммерциялық қызметке арналмаған тауарлар, өткізетін адам мен оның отбасы мүшелерінің пайдалануы мен тұтынуы үшін ғана әкелінетін (әкетілетін) болса және тауарларды пайдалану кез-келген түрде табыс табумен байланысты болмаса, мұндай тауарлар өндірістік не өзге коммерциялық қызметке арналмаған болып қаралады.

Тауарларды басқа мақсатта пайдалануға (сатуды, табыс табу үшін пайдалануды қоса, кез-келген әдіспен иеленбеу және т.б.) кеден төлемдері, акциздер, салықтар төленген және кеден заңдарымен белгіленген басқа талаптар орындалған жағдайда, кеден органының рұқсатымен жол беріледі.

13. Тауарлардың арнаулы мақсатын кеден органының лауазымды адам белгіленген кезде мынадай факторлар назарға алынады:

а) тауарлардың сипаты: тауарлардың тұтыну қасиеттері, оларды қолдану мен пайдаланудың дәстүрлі тәжірибесі ескеріледі. Тұрмыста әдетте пайдаланылмайтын тауарларды (мәселен, жүк автомобильдері, станоктар, жабдық, шикізат, жартылай даяр өнімдер және т.б.) әкелу (әкету) тауарларды өткізетін адам басқаша дәлелдемесе, мұндай тауарлар коммерциялық мақсатта әкелінеді (әкетіледі) деп ойлауға негіз болады;

б) тауарлардың саны: тауарларды өткізетін жеке тұлға мен оның отбасы мүшелерінің тұтынуынан артық мөлшердегі бір текті тауарлар (атауы, мөлшері, үлгісі, түсі және т.б.) әдетте коммерциялық мақсатта пайдалану үшін әкелінеді (әкетіледі) ;

в) тауарларды алып өту жиілігі: белгілі бір тұлға бір текті тауарларды аз-аздан болса да үнемі әкелетін (әкететін) болса, егер ол басқаша дәлелдей алмаса, бұл тауарлар коммерциялық мақсатта (әкелінеді) әкетіледі деп қаралуы мүмкін ;

г) сапардың жағдаяттары: сапардың мақсаты, оның ұзақтығы, елде болуы (

одан кетуі), тапқан валютасының сомасы және т.б. ескеріледі;

д) Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілмекші тауарлар жеке тұлғаның, не оның отбасы мүшелерінің жеке басына пайдалануы, не тұтынуы мақсатында емес деп ойлауға негіздемелердің жоқтығы.

14. Тауарлардың өндірістік не өзге коммерциялық қызметке арналмағанын растау міндеті тауарларды тасымалдайтын адамға жүктеледі.

15. Жеке тұлға Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес кеден органының лауазымды адамының шешіміне шағым жасауға құқылы.

### III. Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден аумағына тауарлар әкелуі

16. Жеке тұлғалардың әкелетін тауарларына қатысты тарифтік және тарифтік емес реттеудің (экономикалық саясат шаралары), салық салудың және кедендік ресімдеудің жалпы тәртібі мен шарттары мынадай жағдайларда:

а) егер кеден органы тауарлардың өндірістік не өзге коммерциялық қызметке арналғанын анықтаса;

б) егер әкелінетін тауарлардың жалпы құны немесе олардың саны осы Ереженің 18-тармағының осындай артықшылық бөлігінде көрсетілген квоталар мен шектеулерден асып кетсе қолданылады.

17. Жеке тұлғалар тауарларды бір мезгілде төмендегідей шарттар сақталған кездегі кеден алымдарын қоспағанда:

а) әкелінетін тауарлар өндірістік не өзге коммерциялық қызметке арналмаса;

б) тауарлардың құны 2000 АҚШ долларынан аспаса, кеден төлемдерін төлеуден толық босатып әкеле алады.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын жеке тұлғалардың шет мемлекеттерде үздіксіз болуының уақытша мерзімі 6 айдан асса, бәрін қосқанда жалпы құны 5000 АҚШ долларына дейін тауарлар әкелуіне болады. Шет мемлекеттерден Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға көшіп келетін жеке тұлғалардың (бұрынғы КСР Одағы республикалары - мемлекеттерінен басқа), бәрін қосқанда жалпы құны 10000 АҚШ долларына дейін тауарлар әкелуіне болады.

"Б" тармақшасында көрсетілген құндық шектеулер бұрынғы КСР Одағы республикалары - мемлекеттерінің шеңберінде жаңа тұрғылықты орынға көшуге байланысты жеке тұлғаларға - бұрынғы КСР Одағының азаматтарына, сондай-ақ белгіленген тәртіппен босқындар және көшуге мәжбүр етілген деп танылған адамдарға қолданылмайды.

18. Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағына әкелетін акцизделетін топтардан басқа өндірістік не өзге коммерциялық қызметке арналмаған тауарларына бірыңғай ставка бойынша мынадай жағдайда кеден

құнының 30 проценті мөлшерінде кеден баждары салынады:

а) егер жалпы құны 10000 АҚШ долларынан аспайтын тауарлар, Қазақстан Республикасының кеден аумағынан өзі өтпейтін жеке адамның атына жіберілсе;

б) егер тауарлардың жалпы құны осы Ереженің 17-тармағының "б" тармақшасындағы осындай шектен асу бөлігінде көрсетілген квотадан асатын болса, бірақ 10000 АҚШ долларынан аспаса.

Қазақстан Республикасының кеден аумағынан жалпы құны 10000 АҚШ долларына асатын тауарлар қолданылып жүрген заңдармен көзделген кеден баждарын, кеден алымдары мен салықтарды төлеген жағдайда өткізіледі.

19. Осы Ереженің 16 және 17-тармақтарында көрсетілген тауарлар Қазақстан Республикасы орталық кеден органының арнайы нормативтік актілермен белгіленген тәртіппен, ал осы Ереженің 18-тармағында көзделген жағдайда, сондай-ақ тауарлар тасымалдайтын адамның кеден органына осы Ереженің 1 қосымшасында келтірілген үлгімен жасалынған өтініш беру жолымен ж а р и я л а н у ы к е р е к .

Кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау мақсаты үшін жасалынған осындай өтініш кеден декларациясы ретінде қаралады.

20. Өндірістік не өзге коммерциялық қызметке арналмаған бір тауар не тауарлардың бір топтамасына (гарнитур, сервиз және т.б.) қатысты:

осы Ереженің 17-тармағының "б" тармақшасында көрсетілген құн шектеулерінің 20 процентінен аспаса, осы Ереженің 7-тармағында көзделген жағдайлардағы кеден алымдарынан басқа кеден баждарын төлеуден толық б о с а т у т ә р т і б і қ о л д а н ы л а д ы ;

осы Ереженің 18-тармағында көрсетілген құн шектеулерінен асып кетсе, мұндай тауарлар құнының 30 проценті мөлшерінде кеден баждарының бірыңғай с т а в к а с ы қ о л д а н ы л у ы м ү м к і н .

21. Осы Ережеге сәйкес кеден төлемдері мен салықтарын есептеу мен төлеу мақсатында жеке тұлғалардың жіберетін, әкелетін және әкететін тауарларының кедендік құны "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 121-бабына сәйкес а й қ ы н д а л а д ы .

22. Осы Ереженің 21-тармағында көрсетілген әкелінетін тауарлардың кеден құнын, тауарлар өткізетін жеке адам, тиісінше кедендік жүк декларациясында не осы Ереженің 19-тармағында көрсетілген өтінішінде мәлімдейді. Мәлімделген құнды растау мақсатында жеке адам кеден органына тиісті құжаттарды ( е с е п ш о т т а р , ч е к т е р , а н ы қ т а м а л а р ж әне т . б . ) ұ с ы н а д ы .

Кеден органы жеке адамның мәлімдеген құнының дұрыстығы туралы шешім қ а б ы л д а у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Жеке адамның мәлімдеген құнының дұрыстығын растайтын құжаттар

болмаған жағдайда не мәлімделінген құн дұрыс емес деп ойлауға негіздеме бар болса, кеден органы әкелінетін тауардың кедендік құнын "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 126-бабына сәйкес дербес анықтай алады.

Жеке адам тауардың кеден құнын анықтауға қатысты кеден органының шешімімен келіспесе, бұл шешімге Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес шағым жасауға болады. Шағым қаралған кезде кеден органының жоғары тұрған лауазымды адамы не жоғары тұрған кеден органы сараптауды өткізуді т а ғ а й ы н д а у ғ а қ ұ қ ы л ы .

23. Сертификаттауға жататын және өндірістік не өзге коммерциялық қызметке арналмаған тауарлар жөнінде сертификатты көрсету талап етілмейді.

24. Кеден мақсаттарында қажетті құжаттар мен қосымша мәліметтерді кеден декларациясымен бірге бір мезгілде көрсетпеген не кеден төлемдері мен салықтарды төлемеген жағдайда жеке тұлғалардың әкелетін тауарлары, кеден органдары иесі болып табылатын, уақытша сақтау қоймаларына орналастырылады, бұл орайда тауарларды сақтағаны үшін кеден алымын кеден органдары белгіленген тәртіппен төлейді.

Кедендік ресімдеу жүргізетін кеден органының рұқсатымен тауарлар тауар иелері басқа адамдар болып табылатын уақытша сақтау қоймаларына о р н а л а с т ы р ы л у ы м ү м к і н .

Жеке тұлғалардың әкелетін тауарларын уақытша сақтау қоймаларында сақтаудың шектеулі мерзімі екі ай.

Белгіленген мерзім аяқталған соң тауарлар Қазақстан Республикасының кеден заңдарында көзделген басқа режимге ауыстырылады, не кеден органы оған Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа шаралар қолдануға қ ұ қ ы л ы .

#### ІҮ. Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тауарларды әкетуі

25. Жеке тұлғалардың әкететін тауарларына қатысты тарифтік емес реттеудің (экономикалық саясат шаралары), салық салу не кедендік ресімдеудің жалпы тәртібі мен шарттары мынадай жағдайларда:

а) егер кеден органы тауарлардың өндірістік не өзге коммерциялық қызметке а р н а л ғ а н ы н а н ы қ т а с а ;

б) егер әкетілетін тауарлардың жалпы құнын не саны осы Ереженің 28-тармағында көрсетілген квоталар мен шектеулердің, осыған қатысты бөлігіндегіден асып кетсе қолданылады.

26. Жеке тұлғалар тауарларды осы Ереженің 7-тармағында көзделген кеден алымдарын қоспағанда мынадай шарттарды бір мезгілде сақтай отырып:

а) әкетілетін тауарлар өндірістік не өзге коммерциялық қызметке арналмаса;  
б) әкетілетін тауарлардың саны осы Ереженің 2 қосымшасында көзделген шектеулерден аспаса;

в) тауарлар құны 1000 АҚШ долларынан аспаса, кеден баждарын төлеуден толық босатып әкете алады.

Шет елдерге (бұрынғы КСР Одағы республикалары-мемлекеттерінен басқа) тұрақты тұруға Қазақстан Республикасынан қоныс аударатын жеке тұлғалар жалпы құны 10000 АҚШ долларынан аспайтын тауарларды әкете алады.

"В" тармақшасында көрсетілген құндық шектеулер жеке тұлғаларға - бұрынғы КСР Одағы республикалары-мемлекеттері шегінде жаңа тұрақты тұру орнына қоныс аударуына байланысты тауарлар әкететін бұрынғы КСР Одағы азаматтарына, сондай-ақ белгіленген тәртіппен босқындар және қоныс аударуға мәжбүр етілген деп танылған тұлғаларға қолданылмайды.

27. Жеке тұлғалар әкететін өндірістік не өзге коммерциялық қызметке арналмаған тауарларға мынадай жағдайларда:

а) егер тауарлардың саны осы Ереженің 2 қосымшасында көзделінген шектеулердің осындай бөлігіндегіден асып кетсе;

б) тауарлардың жалпы құны осы Ереженің 26-тармағының "в" тармақшасында көрсетілген квотаның осындай бөлігіндегіден асып кетсе;

в) егер жеке тұлға тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өзінің алып жүруінсіз салып жіберсе, бірыңғай ставка бойынша кеден құнының 60 проценті мөлшерінде кеден баждары салынады.

28. Осы Ереженің 27-тармағында көрсетілген тауарлар Қазақстан Республикасы орталық кеден органының арнайы нормативті актілерімен белгіленген тәртіппен кеден органына тауарларды өткізетін адамның осы Ереженің 1 қосымшасында келтірілген нысан бойынша жасалынған өтінішін ұсыну жолымен жариялануы керек.

Кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау мақсатындағы мұндай өтініш кеден декларациясы ретінде қаралады.

29. Өндірістік не өзге коммерциялық қызметке арналмаған бір тауар топтамасына (гарнитур, сервиз және т.б.) қатысты:

осы Ереженің 26-тармағының "в" тармақшасында көрсетілген құндық шектеулердің 20 процентінен аспаса, осы Ереженің 7-тармағында көзделген жағдайлардағы кеден алымдарынан басқа, кеден бажын төлеуден толық босату қолданылады;

осы Ереженің 26-тармағында көрсетілген құндық шектеулер асып кетсе, осындай тауарлар құнының 60 проценті мөлшерінде кеден бажының бірыңғай ставкасы қолданылады.

30. Осы Ережеге сәйкес кеден төлемдерін есептеу мен төлеу мақсатында



Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкелілетін (оның ішінде салып жіберілетін) тауарлардың кедендік құны "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына с ә й к е с а й қ ы н д а л а д ы .

Ү. Жеке тұлғалардың тауарларды уақытша әкелуі (әкетуі)

31. Жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өтетін кезде, осы Ереженің 7-тармағында қарастырылған жағдайлардағы кеден алымдарынан басқа, кеден баждарын төлемей Қазақстан Республикасы аумағында (уақытша болатын елінде) жеке басына пайдалану үшін осы тұлғаларға қажетті, өндірістік не өзге коммерциялық қызметке арналмаған тауарларды уақытша әкеле (әкете) алады.

Осындай тауарлардың тізбесі осы Ереженің 3 қосымшасында келтірілген.

32. Жеке тұлғалардың тауарларды оңайлатылған, жеңілдікті тәртібімен уақытша әкелуіне (әкетуіне) жолсапардың мақсаты мен өзге де жағдайлары (ұзақтығы, маусымы және т.б.) ескеріліп жеке тұлғаның Қазақстан Республикасы аумағында (уақытша болатын елінде) іс жүзінде болуынан аспайтын мерзімге кеден органының рұқсатымен жол беріледі.

33. Уақытша әкелінетін (әкетілетін) тауарлардың кері қайтарылмауы мүмкін деуге негіздеме бар болса, кеден органы тауарларды уақытша әкелуге (әкетуге) осы Ережеде көзделген барлық кеден төлемдері мен салықтарын төлеу қамтамасыз етілген жағдайда ғана рұқсат береді.

ҮІ. Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарларды халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізу

34. Өндірістік не өзге коммерциялық қызметке арналмаған, Қазақстан Республикасының кеден аумағына жеке тұлғаның мекен-жайына халықаралық почта жөнелтілімдерімен жіберілетін, жалпы құны 200 АҚШ долларынан асатын заттарға осы мөлшерден асып кететін бөлігінде олардың кеден құнының 30 процентіне тең бірыңғай ставка бойынша кеден баждары есептеледі.

35. Өндірістік не өзге коммерциялық қызметке арналмаған, жеке тұлғаның шетелге халықаралық почта жөнелтілімдерімен жіберетін, жалпы құны 200 АҚШ долларына тең сомадан асатын заттарға осы мөлшерден асып кететін бөлігінде олардың кеден құнының 60 проценті мөлшерінде бірыңғай ставка бойынша к е д е н б а ж д а р ы с а л ы н а д ы .

36. Жеке тұлғалардың халықаралық почта жөнелтілімдерімен

жіберетін тауарларына қатысты кеден баждарын салудың жалпы тәртібі мынадай жағдайларда:

а) егер кеден органы тауарлардың өндірістік не өзге коммерциялық қызметке арналмағанын анықтаса;

б) егер әкелінетін және әкетілетін тауарлардың жалпы құны осы Ереженің 34 және 35-тармақтарында көрсетілген квотадан сондай бөлігінде асып кетсе қолданылады.

Қазақстан Республикасының Почта ережелеріне және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осындай жолмен жіберуге тиым салынған халықаралық почта жөнелтілімдерімен жіберілетін заттарды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізуге болмайды.

### 1-қосымша

---

(кеден органының атауы)

---

(тауар өткізетін адамның тегі, аты-жөні, әкесінің аты)

---

(жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер)

### ӨТІНІШ

Мен кеден төлемдері

мен акциздер төлеуге жататын тауарлар әкелемін\әкетемін:

---

қажетсізі сызылады

---

і	і	і	Акциздер	і	Баждар	і	ҚҚС
Атауы	і	Саны	і	Тауар	і	і	і
і	і	құны	і	ставка	і	ставка	і
			і	сума	і	сума	і

---

1.

2.

3.

4.

5.

және т.б.

---

Барлығы: \_\_\_\_\_  
199\_ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ төлеуші \_\_\_\_\_  
инспектор: \_\_\_\_\_  
жеке мөр орны

2-қосымша

Шектелген мөлшерде кеден баждарын төлемей  
әкетілуі мүмкін тауарлардың\*  
ТІЗБЕСІ

---

N	СЭҚ ТН бойынша	і Тауардың атауы	і Саны
і	тауар коды	і	і (бір адамға)
1	03, 1604, 160510000- 160540000 тобы	Балық және шаян тәріздестер (бекіре және қызыл балық уылдырығынан басқа)	5 кг брутто
2	160430100	Бекіре уылдырығы (қара)	280 г
3	160430900	Қызыл балық уылдырығы (қызыл)	280 г
4	3004	Дәрі-дәрмектер бөлшек сауда үшін арнайы нысандағы 1 қорабы	әр атаудың
5	7415,0750800,7612, 7616, 800700000, 8101-8108, 811000, 811100, 811300	Түрлі-түсті металдан тұрмыстық бұйымдар	салмағы 20 кг артық емес
6	7113-7116, 900319100, 9101, 911310100,	Зергерлік және өзге бұйымдар мен бағалы	5 зат жалпы салмағы 30 г

960810300, металдардан жасалған көп емес  
960839100, 7116, олардың бөліктері (алтын және  
960200000 не бағалы металл платина  
(тек жақұттан) жағылған бөліктері: бұйымдары  
асыл немесе жартылай үшін немесе  
асыл тастардан 120 г-күміс  
жасалған інжу (табиғи, бұйымдары  
жасанды не қалпына үшін)  
келтірілген)

7 271000330, 271000350, Моторлы көлік құралдары зауыттық  
271000590, 27100690 үшін отын (бензин, сыйымды отынды  
дизель отыны) санамағанда  
өзі жүретін  
моторлы көлік  
құралдарының  
әрқайсысына 20 л

Ескерту

Тауарлар ТН кодтарымен, сондай-ақ тізбеде  
келтірілген атаулармен де айқындалады.

### 3 ҚОСЫМША

Кеден төлемдерін төлемей уақытша әкелуге (әкетуге) жол  
берілетін, адамның жеке қолдануына арналған тауарлардың  
ТІЗБЕСІ

1. Киім
2. Әтір-сабындар
3. Жеке зергерлік бұйымдар
4. Фото және кинокамералар керекті мөлшердегі пленкаларымен және оған керекті жарақтарымен қоса
5. Портативті слайд және кинопроекторлар, оларға керекті мөлшерде слайдтар мен фильмдер
6. Бейнекамералар және алып жүретін бейнетаспалар керекті мөлшердегі пленкаларымен қоса
7. Портативті музыка аспаптары

8. Портативті күйтабақ ойнатқыштар грампластинкаларымен бірге
9. Портативті дыбыс жазатын және шығаратын аспап (диктофонды қоса) пленкаларымен бірге
10. Портативті радиоқабылдағыштар
11. Портативті теледидарлар
12. Портативті жазу машинкалары
13. Портативті калькуляторлар
14. Портативті дербес компьютерлар
15. Дүбірлер
16. Балалар коляскалары
17. Мүгедектерге арналған коляскалар
18. Спорт жабдықтары: палаткалар және басқа да туристік жабдықтар, балық аулау құралдары, альпинистердің құрал-жабдықтары, су астында жүзу жабдықтары, құралдарымен қоса спорттық қару, велосипедтер, байдаркалар, ұзындығы 5,5 метрге дейін каноэ не каяктар, шаңғылар, теннис ракеткалары, серфинг және виндсерфинг үшін тақтайлар, гольф жабдықтары, планерлер, дельтапландар
19. Портативті диализаторлар және сол секілді медицина аспаптары, сондай-ақ оларға жұмсалатын материалдар
20. Адамның жеке қолдануына ғана арналған өзге де тауарлар.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 2 қарашадағы  
N 1440 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

Жеке тұлғалардың көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізуінің тәртібі туралы

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы өткізетін сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының (СЭҚ ТН) 8703 коды бойынша топтастырылған көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелу және осы аумақтан әкету тәртібін б е л г і л е й д і .

2. Осы Ережеде көзделгеннен басқа жағдайда жеке тұлғалардың көлік құралдарын өткізуі Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы

тауарларды өткізу үшін белгіленген тәртібіне қатысты олардың кеден режимдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

3. СЭҚ ТН 8703-ден өзгеше коды бойынша топтастырылған көлік құралдарын жеке тұлғалар Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы қаулысымен бекітілген Жеке тұлғалардың тауарларды өткізу тәртібі туралы ережеге және Қазақстан Республикасының орталық кеден органының басқа да нормативтік актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкеледі және осы аумақтан ә к е т е д і .

4. Осы Ережеде қолданылатын ұғымдар:  
көлік құралдары - СЭҚ ТН 8703 коды бойынша топтастырылған жеңіл автомобильдер мен өзге де моторлы көлік құралдары;  
шетел көлік құралдары - бұрынғы КСР Одағы республикалары мемлекеттерінен басқа, шетел мемлекеті шыққан елі болып табылатын көлік құ р а л д а р ы ;

жаңа көлік құралдары - пайдалану мерзімі бір жылға дейінгі немесе 20 мың километрге дейін жол жүріп өткен көлік құралдары.

5. Жеке тұлғалар көлік құралдарын (Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салынған көлік құралдарын қ о с п а ғ а н д а ) :

көлік құралдарын әкелуді Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жүретін адам жүзеге асырғанда;  
көлік құралдарын декларациялағанда;  
кеден төлемдерін төлегенде;

Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленген өзге де талаптарды орындаған жағдайда Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкеле алады және осы аумақтан әкете алады.

6. Көлік құралдарының бөлшектері (оның ішінде босалқы бөлшектер) мен тетіктерін жеке тұлғалар Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Жеке тұлғалардың тауарларды өткізу тәртібі туралы ережеге және Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың тауарларды өткізуіне қатысты Қазақстан Республикасы орталық кеден органының басқа да нормативтік актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкеледі және осы аумақтан әкетеді.

## II. Қазақстан Республикасының кеден аумағына шетел көлік құралдарын әкелу

7. Жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден аумағына өндірістік немесе өзге коммерциялық қызметке арналмаған шетел көлік құралдарын әкелетін кезінде мұндай тұлғалар Қазақстан Республикасы Министрлер

Кабинетінің қаулысымен бекітілген әкелінетін тауарларға кеден баждарының ставкалары бойынша кеден баждарын және Қазақстан Республикасы кеден заңдарына сәйкес кеден алымдарын төлейді.

Жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының кеден аумағына өндірістік немесе өзге коммерциялық қызметке арналған көлік құралдарын әкелген кезде мұндай тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген кеден заңдарына сәйкес кеден баждарын, акциздерді, салықтар мен кеден алымдарын төлейді.

8. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын жеке тұлғалардың шетел мемлекеттерінде (КСР Одағының бұрынғы республикаларынан - мемлекеттерінен басқа) үздіксіз уақытша тұру мерзімі алты айдан асса, көлік құралы бір жыл ішінде иеліктен алынбаса, бір көлік құралын кеден төлемдерін төлемей әкеле алады.

9. Осы Ереженің 8-тармағында аталған жеке тұлғалар көлік құралын өндірістік немесе коммерциялық қызметке пайдаланбаса не осы тұлғаның отбасы мүшесіне пайдалануға беруді қоспағанда, басқа тұлғаның иелігіне бермеген жағдайда үздіксіз болу мерзіміне қарамастан демалыс немесе іссапар мерзіміне, бірақ екі айдан аспайтын мерзімге, шетел мемлекетінде тіркелген бір көлік құралын кеден төлемін төлемей уақытша әкеле алады.

10. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын жеке тұлғалар, шет елдерге жүзетін теңіз кемелерінде жұмыс істейтіндер және шет елге үнемі ұшуды жүзеге асыратын қазақстандық әуе кемелері экипаждарының мүшелері мынадай шарттарды орындағанда бір күнтізбе жылында:

көлік құралы өндірістік немесе коммерциялық қызмет үшін пайдаланылмайтын болса;

әкелу кезінен бастап екі жыл ішінде отбасының мүшесіне берілуін қоспағанда, көлік құралы иелігінен алынбаса немесе басқа тұлғаның иелігіне берілмесе, бір көлік құралын кеден төлемдерін төлемей әкеле алады.

11. Осы Ереженің 8-9-тармақтарында көрсетілген көлік құралдарын өзге мақсаттарға пайдалануға, оларды осы Ереженің 8-9-тармақтарында аталмаған тұлғалардың пайдалануына белгіленген мерзім өткенше беруге, сондай-ақ иелігінен алуға немесе белгіленген мерзім өткенше осындай көлік құралдарын иелікке беруге, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысымен бекітілген әкелінетін тауарларға кеден баждарының ставкалары бойынша кеден баждарын және Қазақстан Республикасы кеден заңдарына сәйкес кеден алымдары мен салықтарын төлеген жағдайда, кеден органының рұқсатымен жол беріледі.

12. Қазақстан Республикасына шетел мемлекеттерінен (бұрынғы КСР Одағының республикаларын-мемлекеттерін қосқанда) тұрақты тұруға көшіп келген жеке тұлғалар, сондай-ақ белгіленген тәртіппен босқындар және қоныс

аударуға мәжбүр болғандар деп танылған тұлғалар бір көлік құралын кеден төлемдерін төлемей әкеле алады.

13. Қазақстан Республикасынан тысқары жерде тұрақты тұратын жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағында тұру мерзімі бір жылдан аспайтын болса, осы мерзім ішінде осы тұлғаның отбасы мүшесінің пайдалануына беруді қоспағанда, осындай көлік құралы өндірістік немесе коммерциялық қызметке пайдаланылмайтын және басқа тұлғаға пайдалануға не иелігіне берілмейтін жағдайда кеден төлемдерін төлемей шетел мемлекетінде тіркелген (КСР Одағының бұрынғы республикаларын-мемлекеттерін қосқанда) бір көлік құралын уақытша әкеле алады.

14. Осы Ереженің 13-тармағында көрсетілген көлік құралдарын өзге мақсаттарда пайдалануға, оларды осы Ереженің 13-тармағында көрсетілмеген тұлғалардың пайдалануына беруге, сондай-ақ иелігінен алу немесе осындай көлік құралдарын иелігіне беруге жиынтықты кеден төлемін төлеген және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделінген кеден төлемдері мен салықтарын төлеген жағдайда кеден органының рұқсатымен жол беріледі.

III. Ресей немесе КСР Одағының бұрынғы республикалары-мемлекеттері шыққан елі болып табылатын көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелу

15. Ресей Федерациясы немесе Беларусь Республикасы шыққан елі болып табылатын көлік құралдары Ресейден әкелінгенде олар Кеден одағы туралы Келісімге сәйкес кедендік ресімдеуге жатқызылады.

16. Жеке тұлғалар КСР Одағының бұрынғы республикалары-мемлекеттері, шыққан елі болып табылатын көлік құралдарын, сондай-ақ Ресей Федерациясы шыққан елі болып табылатын және алыс шет елдерден Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін көлік құралдарын кеден төлемдерін төлемей мынадай жағдайда:

бір күнтізбелік жыл ішінде жеке тұлға бір көлік құралын әкелсе; көлік құралын Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін тұлға әкелсе;

әкелу кезінен бастап бір жыл ішінде көлік құралы иеліктен алынбаса немесе басқа тұлғаның иелігіне берілмесе;

әкелу кезінен бастап бір жыл ішінде отбасының мүшесіне пайдалануға беруін қоспағанда, көлік құралы басқа тұлғаның иелігіне берілмесе, әкеле алады.

17. Осы Ереженің 16-тармағында көрсетілген көлік құралдарын өзге мақсаттарда пайдалануға, осы Ереженің 16-тармағында аталмаған тұлғалардың пайдалануына оларды беруге, белгіленген мерзім өткенше, сондай-ақ иелігінен



алу немесе осындай көлік құралдарын иелігіне беруге, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті бекіткен әкелінетін тауарларға кеден баждарының ставкалары бойынша кеден баждары және Қазақстан Республикасы кеден заңдарына сәйкес келген алымдары мен салықтары төленген жағдайда, кеден органының рұқсатымен жол беріледі.

#### IV. Көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкету

18. Жеке тұлғаның, қайта салып жіберуін қосқанда, көлік құралдарын Қазақстан Республикасынан кез келген әдіспен әкетуі, егер жеке тұлғаның бір көлік құралын бір күнтүзбелік жыл ішінде кеден адамдарын төлей отырып әкетсе, кеден төлемдерін төлемей жүзеге асырылады.

Көлік құралын әкетудің аталған шарты сақталмаған жағдайда, егер меншіктілік құқығы бір тұлғадан екінші тұлғаға ауысса, жеке тұлға бірыңғай (арнайы) ставка бойынша қозғалтқыш көлемінің 1 текше сантиметрі үшін 1 экю мөлшерінде кеден төлемдерін төлейді.

19. Жеке тұлғалар Қазақстан Республикасы аумағында тіркелген бір көлік құралын Қазақстан Республикасы кеден аумағына осы көлік құралын кері әкелетін жағдайда шетелде болған мерзіміне, бірақ бір жылдан аспайтын уақытта, кеден бажын төлемей шетелге уақытша әкете алады.

Көлік құралын әкетудің көрсетілген шарты сақталмаған жағдайда жеке тұлға бірыңғай (арнайы) ставка бойынша қозғалтқыш көлемінің 1 текше сантиметрі үшін 1 экю мөлшерінде кеден төлемдерін төлейді.

#### V. Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың өткізетін көлік құралдарын кедендік ресімдеу

20. Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың өткізетін көлік құралдары Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өткен кезден бастап 15 күн ішінде осы Ереженің 1 қосымшасында келтірілген Т-6\АС нысанындағы декларацияны кеден органына түсіру жолымен оңайлатылған тәртіппен жария етуге жатады.

21. Белгіленген нысандағы кеден декларациясымен бірге көліктік және тауарға ілеспе құжаттар, сондай-ақ кедендік ресімдеуге және кеден бақылауын жүргізуге қажетті өзге де құжаттар, кеден органына түсіріледі.

22. Осы Ережеге сәйкес кеден төлемдерін есептеу мен төлеу мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін көлік құралдарының кедендік құны Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының 121-бабына сәйкес

б е л г і л е н е д і .

23. Кеден құнын көлік құралдарын өткізетін жеке тұлға кеден декларациясында мәлімдейді. Мәлімденген құнын растау мақсатында жеке тұлға кеден органына құжаттарды (шоттарды, чектерді, анықтамаларды және т.б.) т ү с і р е д і .

Кеден органы жеке тұлға мәлімдеген көлік құралдарының құнының дұрыстығы туралы шешім қабылдауға қақылы.

Жеке тұлға көлік құралдарының құнын анықтау жөніндегі кеден органының шешімімен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес бұл шешімге шағым берілуі мүмкін.

24. Көлік құралдарын кедендік ресімдеу үшін 15-эцю-ге парапар сомасындағы Қазақстан Республикасындағы валютасында, кедендік алымдар, сондай-ақ бұл үшін белгіленген орыннан тыс жерде және кеден органдарының жұмысынан тыс уақытта кедендік ресімдеу жасалғанда, сол мөлшерде қосымша а л ы м д а р а л ы н а д ы .

25. Кеден мақсаттарында қажетті белгіленген нысандағы құжаттар мен қосымша мәліметтер кеден декларациясымен қоса бір мезгілде түсірілмеген немесе кеден төлемдері мен салықтарын төлемеген жағдайда жеке тұлғалардың әкелетін көлік құралдары уақытша сақтау қоймаларына орналастыруға ж а т қ ы з ы л а д ы .

Жеке тұлғалардың әкелетін көлік құралдарын уақытша сақтаудың

шекті мерзімі белгіленген нысандағы кеден декларациясын кеден органына түсірген сәттен бастап екі ай болады.

Белгіленген мерзім өткен соң, көлік құралы не Қазақстан Республикасының кеден заңдарында көзделінген өзге режимге мәлімделінеді, не кеден органы Қазақстан Республикасының кеден заңдарында көзделінген санкцияларды қолдануға құқылы.

26. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартымен осы Ережедегіден өзге ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## 1-ҚОСЫМША

Т-6\АС нысаны

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КЕДЕН ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

Мен \_\_\_\_\_

(тегі, аты-жөні, тұрғылықты жері, жеке басын

---

қуәландыратын құжат туралы мәліметтер)

маркалы \_\_\_\_\_ автомобильді әкелемін (әкетемін) \_\_\_\_\_

қозғалтқыштың N \_\_\_\_\_ мен көлемі \_\_\_\_\_

шасси N \_\_\_\_\_ қорап N \_\_\_\_\_

тіркелген нөмірі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ мақсатында  
(жеке пайдалануға, коммерциялық мақсатқа,

\_\_\_\_\_ уақытша әкелу/әкету, жөндеу және т.б.)

Кедендік құны \_\_\_\_\_

Ұсынылған құжаттар \_\_\_\_\_

Кеден органының белгілері \_\_\_\_\_

Күні, айы, жылы \_\_\_\_\_

(тегі, аты-жөні, қолы)